

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 12 қантардағы № 8 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4736 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 10.12.2021 № 300 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 және 139 баптарына сәйкес Мәртөк ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 10.12.2021 № 300 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Барбосыновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Мәртөк аудандық
мәслихатының хатшысы
А. Смагұлов
12 қантар 2016 жылы

H. Қалаев

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 12 қантардағы № 8
қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 12.03.2025 № 50 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| | |
|---|--|
| | Әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша |
| 1 | Үйде қызмет көрсету үйыминың (үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері; қызметтерді алушылардың тұрғылықты жері бойынша үйде қызмет көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған үйымдар); уақытша болу үйыминың (әлеуметтік бейімдеу орталықтары, қызметтерді алушыларға, оның ішінде адам саудасының құрбандарына, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға және басқаларға арналған түнде болу үйлері) аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы |
| 2 | ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер |
| 3 | ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер |
| 4 | ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер |
| 5 | ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер |

| | |
|---|--|
| | Мәдениет саласы бойынша |
| 1 | Аудандық маңызы бар ММ мен МҚҚ басшысы (директоры) |
| 2 | Аудандық маңызы бар ММ мен МҚҚ басшысының (директорының) орынбасары |
| 3 | Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ әдістемелік кабинет, кітапхана менгерушісі (басшысы) |
| 4 | ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музикалық жетекші, режиссер, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер) |
| 5 | ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музикалық жетекші, режиссер, хореограф, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер) |
| 6 | ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музикалық жетекші, режиссер, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер) |
| 7 | ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, музикалық жетекші, режиссер, хореограф, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер) |

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚҚ – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын